# AKMOLA.KZ

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМҒА ВАУЧЕР АЛУ ЖӘНЕ УАҚЫТША БРОНДАУ КЕЗІНДЕ ОРЫН ТАҢДАУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

Уақытша болу режимі бойынша бос орын – санаторлық мектепке дейінгі ұйымға уақытша кеткен ваучер иесінің орны мектепке дейінгі ұйымда сақталатын орын.

# Басты бет

akmola.kz жүйесінің басты бетінде ашылмалы тізімнен өзіңіздің ауданыңызды таңдаңыз.




Сайттың оң жақ жоғарғы бұрышында тілді өзгерте аласыз, сондай-ақ техникалық қолдау қызметінің телефон нөмірі көрсетілген. Ал сайттың басты бетінде «Нұсқаулықтар» бөлімі орналасқан.

Әрі қарай «Жүйеге кіру» батырмасын басыңыз.



# Авторизация

Порталға кірудің екі тәсілі бар:

## 1. ЭЦҚ кілті арқылы

- «Сертификатты таңдаңыз» батырмасын басыңыз
- «Сақтау орны» жолында ЭЦҚ орналасқан жолды көрсетіңіз
- Құпиясөзді енгізіп, «Ашу» батырмасын басыңыз
- Кілтті таңдап, «Қол қою» батырмасын басу қажет

МАҢЫЗДЫ! ЭЦҚ-мен жұмыс істеу үшін алдын ала NCALayer бағдарламалық жасақтамасын орнату қажет!

## 2. Бір реттік код арқылы

- Өтініш берушінің телефон нөмірі мен ЖСН-ін енгізіп, «Кіру» батырмасын басыңыз
- Бір реттік кодты енгізіңіз
- «Кіру» батырмасын басыңыз

МАҢЫЗДЫ! Жүйеге бір реттік код арқылы кіру үшін көрсетілген телефон нөмірі мен ЖСН МАБ жүйесінде тіркелген болуы қажет!






# Ваучер алу

Авторизациядан өткеннен кейін Жеке кабинетте «Кезекке қоюға өтініштер журналы» бөлімін таңдау қажет.

Кезегіңіз келген кезде сізге ваучер берілгені туралы хабарлама жіберіледі.




МАҢЫЗДЫ! Егер 2 (екі) жұмыс күні ішінде өз қызығушылығыңызды растап үлгермесеңіз, ваучер жарамсыз деп танылады, ал сіздің өтініміңіз тоқтау парағына ауыстырылады.

Тоқтау парағында болған кезде, сіз 28 (жиырма сегіз) күнтізбелік күн ішінде бір рет кезегіңізді қалпына келтіру құқығына ие боласыз.

# Ваучер алу

Ваучерді белсендіру үшін өтінімді ашып, **«Қызығушылықты растау»** батырмасын басып, ЭЦҚ кілтімен қол қою қажет.

Ваучер бойынша қызығушылықты растағаннан кейін сізде балабақшаны таңдап, онымен электрондық келісімшарт жасауға 5 (бес) жұмыс күні бар.

Белгіленген мерзімде тіркеуді аяқтамаған жағдайда, ваучер жарамсыз деп танылады, ал сіздің өтініміңіз мұрағатқа жіберіледі.

**«Ваучерден бас тарту»** батырмасын бассаңыз, жүйе өтінім мәртебесін **«Мұрағатта»** деп өзгертеді және баланы кезектен шығарады.




МАҢЫЗДЫ! Егер сіз өз қызығушылығыңызды растауға үлгермесеңіз, ваучер жарамсыз деп танылады, ал сіздің өтініміңіз тоқтау парағына ауыстырылады.

# Уақытша брондау бойынша орын таңдау




Мектепке дейінгі ұйымда уақытша брондау кезінде орын таңдау үшін:

1. «Мектепке дейінгі ұйымды таңдаңыз» батырмасын басыңыз.
2. Ашылмалы тізімнен «Уақытша болу» қабылдау режимі бар сәйкес балабақшаны таңдаңыз.

# Уақытша брондау бойынша орын таңдау







3. «Қол қою және жіберу» батырмасын басыңыз.
4. Ашылған жолдама алуын растау терезесінде «Ок» батырмасын басыңыз.
5. ЭЦҚ кілтімен немесе бір реттік код арқылы қол қойыңыз.

**МАҢЫЗДЫ!** Бала хабарламада көрсетілген күнге дейін уақытша болу режимі бойынша мектепке дейінгі ұйымға бара алады. Онымен қоса жалпы белгіленген қабылдау режимі бойынша кезек сақталады және бала тұрақты орынды күтуін жалғастырады.

Уақытша болу мерзімі аяқталғаннан кейін бала уақытша болу мерзімінің аяқталу күнінен кейінгі келесі жұмыс күні автоматты түрде шығарылады.